

# Орталық Қазақстан. -1994.-10 желтоқсан

Табиғатта әр құстың өзіне тән сайрауы, қиқуы болатыны сияқты, әр ақын-жазушының да өз үні болады. Адамның ішкі ой дүниесінің көрінісі көңіл-күйіне орайлы, ал көңіл-күйі өмір тіршілігімен сабақтас қой, сол тұрғыдан қарағанда, Бүркіт Ысқақтың шығармашылығының сарыны сан алуан, — қызықты, қуанышты, қайғылы, мұңды, жанры да әр түрлі — өлең, поэма, драма, очерк, зерттеу, бағажат, мақала, ғылыми монография. Ақынның өмірінің өзі қым-қиғаш, шырғалаң уақиғаға толы — жоқшылықта өткен балалық шақ, жастық шақ, әр сағаты, ор күні қауіп-қатерлі майдан уақиғалары, оқу-іздену, ғылыми-зерттеу кезеңдері, жанын жеген абақты азабы, жеті қат жер астынан кен қаздырған бас еркінен айырған, жан жары, бала-шағасынан айырған қазармалық сұрқия жылдар... Санай берсе, ертегінің адам айтса нанғысыз желісіндей ғұмыр кешті ғой бұл ақын. Мен онымен Қарағандының Жамбыл атындағы орта мектебінде тоғызыншы класқа дейін оқыдым да, майдандағы, лагерьдегі жылдардан басқа, жарты ғасырдан астам өмір тіршілігін бірге өткіздім. Ол 1924 жылы Нұра ауданының Көкмөлдір деген жерінде туып, 1992 жылы 22 қаңтар күні кенет қайтыс болды.

Бүркіт Ысқақтың өмірбаянының қысқаша дерегі: СССР Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымының кандидаты, Қарағанды мұғалімдер институтын бітірген, 1942 — 1946 ж ы л д а р ы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Шығармалары 1938 жылдан жарық көре бастады. Тұңғыш өлеңдер жинағы — «Сенің Отаның» 1958 жылы шықты. Қарағандылықтардың еңбектегі ерлігін жырлайтын «Москваны тыңдаймын», және «Жылдар жырлайды», «Шабыт шуағы», «Өлеңді жылдар», «Шыңдық дауысы» атты жыр кітаптары, «Әлімнің әлегі» шағын пьесалар жинағы, «Татар-қазақ әдеби байланысы» деген монографиясы басылып шықты.

Бұлардан басқа, ақын «Қазыналы Қарағанды», «Арқаны алып жүрегі», «Нұрлы Нура бойында» деген көркем очерктердің авторы.

Бүркіт Ысқақ 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, медальдармен сыйланған, 1951 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, 1956 жылы ақталған. Міне, осы қысқаша өмірбаянда ақынның өмір үшін азапты арпалысы, тынымсыз еңбегі, жүрек лүпілі, бал махаббаты — жар сүю, бала сүю, шығармашылық қуанышы, туған-туыс, дос-жарандарға деген адамшылық мейірімі бар. Ақынның атқарған қаламгерлік қызметі «Советтік Қарағанды», «Пионер» журналы, «Лениншіл жас» («Жас алаш») газеттерінде абыройлы жүріп жатқанда, репрессияға ұшырап, бес жылдан кейін қайтып оралғанда «Білім және еңбек» («Зерде») журналында жалғасады да Ұлттық академияның әдебиет, өнер институтында тұрақталады, осында ол өмірінің ақырына дейін ұзақ жылдар ғылыми қызмет жүргізеді. Докторлық диссертациясы ғылыми кеңесте мақұлданып, 22 ақпанда қорғамақ болып жүргенде, тіршілік тынысы үзіліп кетті. Аянышты! Бүркіт Ысқақтың ғылыми-зерттеу жұмысының атап айтарлық бір саласы - әдеби, ғылыми кітаптар құрастыру, бағажаттар жазып, үздіксіз насихаттау, ғылыми энциклопедияға танымдық мақалалар, анықтамалар жазу болды. Осындай ғылыми еңбектерінің жалпы саны екі жүзге жуық.

Бүркітті көбіне балалар жазушысы деп атайды. Оның мәні «Сенің Отаның» кітабы, «Кішкене театр», «Әлімнің әлегі» шағын пьесалар жинағы, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» мультфильмі түгелдей балларға арналған. Бұл саладағы өлеңдері нақыл сөзді немесе ақыл, өнеге мазмұнды болып келеді.

Отан — сенің ата-анаң,

Отан—досың, бауырың.

Отан — өлкен, астанаң,

Отан—аудан, ауылың.  
Отан—тарих, Отан—тіл,  
Жасаған елің, өз халқың,  
Отан—Өлең, Отан—Жер,  
Көтерген көкке ел даңқын.  
Ақынның өлеңдерінде Отан, туған жер тақырыбы, ерлік, еңбек тақырыбымен ұштас, сабақтас келеді. «Майдангер монологы», Мәлік Ғабдуллинге арналған «Абзал Ұлы Отанның», «Дар алдында», «Батыр қыз» өлеңдерінде патриоттық әуені, адамның сертіне беріктігі, қайсар-қайраты айқын сипат алған. Бүркіттің тұстастарының шығармаларында бейбітшілік, достық ұраны әрқи-

бейбітшілік, жастық жігердің жалыны.

Бүркіт Ысқақтың ұзақ жылдар зерттеген татар-қазақ әдеби байланысы қақында жазған монографиясы 1976 жылы басылып шықты. Автор екі халықтың тарихи байланысын, өркендеу-даму кезеңдерін анықтай, айқындай зерттеген, мәдени байланыс әр дәуірдің көкейкесті мәселесі бола бермек деп біледі. Октябрь төңкерісінен бергі уақытта осы игілікті іске ат салысқан қазақ жазушылары Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ж. Сыздықов, З. Кедрина, Ж. Молдаға-

## ҚАЙСАР АҚЫН,

# ТЫНЫМСЫЗ ҒАЛЫМ

## БҮРКІТ ЫСҚАҚТЫҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА

лы тәсілмен пәрменді әрі көп жырланған, лирикадан гөрі азаматтық әуен басым келеді. Бүркіт ақынның поэзиясында да осы әуен басым, оның өзіндік үні:

Дүниеде, бірлік, достық деген күш бар,  
Оқ өтпес,  
бомба бұзбас,  
атом аямас! — деген өлең жолдарынан-ақ айқын көрінеді.

Достық тақырыбы «Украина даласында» деген поэмасында да жарасымды сипатталады. Жырақта жүріп жараланған қазақ жігітін украин қызын ажалдан құтқарған, паналатқан, күткен. Ақыры осы жігіт Оксана қызға ғашық болып, оған көңілін білдіреді.

Алтын табақ ай астында,  
Алма бағы аясында,  
Отыр әне екі жас жан.  
Міне, қызық жай осында!  
«Сүйсе таза, адал сүйген,  
күйсе тағы — ашық күйген» балғын жастар соғыстың лаңдарына қарамастан жүректері жарастық табады, ең жақсысы «тәтті қылық», жанның назы табиғи болмысымен беріліп, оқырманын сүйсіндіріп отырады. Ақынның бұл шығармасы — он екі бөлімнен тұратын, ең үлкен эпикалық туындысы.

Бүркіттің арнау өлеңдері «Жылқышы», «Агроном», «Шопан», «Мұғалім» деп аталып, сол мамандықтардың, ел дәулетін молайтуға жігер жұмсап жүрген мамандардың жақсы қасиетін жырлайды. «Ол кіргенде лаваға» деген өлеңін Әбдіраман Бөкеевке арнайды. Ал бұл кеншімен мен Бүркіт айдауда жүргенде «Алмаарасан» демалыс үйінде таныс болдым. Бүркіт соның қарамағындағы учаскеде кен қазады екен, сенің атыңды атап, «тірі екенімді білдіріп, сәлем айтыңыз», — деп еді. Кезіккеніміз қандай жақсы болды! «Шахтадағы тұтқындардың жағдайы ауыр: Бүркітке үйден қойныма тығып, тамақ әкеліп беріп жүремін», — деді. Сөйтіп, сырлас болдық. Бүркіт ақталып келгеннен кейін Әбдіраман сөзінің растығын, тіпті Алматыдан оралған соң, ол лагерь бастығынан бір күнге рұқсат алып, үйіне апарып қонақ қылғанына дейін әңгімелеп берді. «Сондай да қазақтың ер азаматы болады!» — деп таң қалып жүрді. Бірақ осы кенші көп ұзамай қайтыс болды. Жоғарыдағы өлең қиын күндерде жанашырлық білдірген, нағыз азаматқа ескерткіші іспетті. Өлеңнің «Ол кіргенде лаваға, шахта ішіне жан біткен», деп басталуында осындай сыр бар.

Бүркіт ақынның әнге айналған өлеңдерінің көбі жастарға арналған: «Достық вальсі», «Қазақстан қыздары», «Қазақстан фестивалінің әні», «Космонавтар маршы», «Демократияшыл жастар гимні». Бәріне тән ортақ мазмұн — достық,

лиев, Е. Лизунова, З. Ахметов, С. Қирабаев, Р. Бердібаевтардың нақтылы еңбектерін жоғары бағалайды. Ал жиырмасыншы ғасырдың басындағы татар мәдениет қайраткерлері С. Гаспринский, Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ибрагимов, Сәйфи Құдаш, Ақмола, тағы басқаларының қазақ әдебиеті мен мәдениетін өркендетуге тигізген әсерлерін байыпты зерттеп, дәлелдеген. Монографияның «Түбі бір туыстық» деген бөлімі түркі тілдерінің негізін барлай келіп, лингвистикалық тұрғыдан саралайды, қысқасы, ақынның бұл еңбегі ғылымға қосқан қомақты үлес деп бағалауымызға әбден болады. Бүркіт он томдық «Қазақ энциклопедиясы», «Қарағанды облысы энциклопедиясының» көптеген мақалаларының авторы.

Бүркіт Ысқақтың саяси көзқарасы және соған байланысты қудалауға ұшырауы қақында бірер сөз. Ол жасынан өзінше ойлап, көзқарасын ашық айтып жүретін. Оның дүние жүзілік картаның алдында тұрып, алтыншы класта айтқан: «О, Азия, Ұлысың, Ұлылығың құрысын, Құрысын демей, не дейін, Европаның құлысың!»— дегені әлі есімізде.

Соғыс уақытында Сталин туралы бір ауыз өлең шығарып айтып жүрді.

Жастарды айдап ұрысқа, Қарттарды айдап жұмысқа, Қан қақсатты халықты, Осынысы дұрыс па?!

Ол кезде мұндай өлең үшін жазалау орындарына түссе, соттап жібереді. Бүркіт кешікпей әскерге кетіп барып құтылды. Құтылды дегенім уақытша, кейін 1951 жылы 25 жылға сотталғанда, бұл өлең басқа да «қылмысына» қосылды ғой. Пәленің басы біздің институтта жүргенде қазақ тарихы мен әдебиетін зерттей оқу ретінде, «ұлтшыл, байшыл» алаш ақын жазушыларының қолға түскен кітаптарын оқуымыздан басталды. Соның өзіне бола жазалап жіберетінін білмеппіз... 1944 жылы «Елін сүйген Ерлер партиясы» деген ұйым аштындар деп. Зейнолла Әбділдин, Бейсенбай Жақсылықов, Асығат Рүстемовтермен бірге мені де тұтқынға алып, алты-жеті ай бойы қатты бергенді. Сөйтсе, Рүстемовке Бүркіт Ысқақтың айтуы бойынша, жоғарыдағы ұйымның басшылығында мен де болыппын. Зейнолла Әбділдин бастаған жас жігіттерді бір-екі ай бұрын түрмеге отырғызып, солардың сөздерін дәлел ғып мені ұстапты. Мен оқыған кітаптарымыздан басқасын білмеймін. Қанша азаптап тергесе де, беттестірсе де менің бұл ұйымға қатысқанымды заңды түрде дәлелдей алмады. Он бір ай отырғызып, Ішкі істер министрлігінің Ерекше мәжілісінің шешімімен жазасы

уақытша отырғанымен өтелсін деп қаулы шығарып барып Рүстемов екеуімізді босатты. Бірақ мен партия билетімді, 1956 жылы мүлде ақталғаннан кейін ғана алдым. 1948 жылы Қазақстан орткомына апелляция бергенімде, «Ұлтшылдардың төртінші буыны» (Ж. Шаяхметовтың сөзі) деп, өтінішімді қанағаттандырмады. Әрине, ұлтшыл атанып қуғын-сүргінді он екі жыл ішінде аз көрмедім.

Кейін, 1956 жылы, шет тілдер институтының жанынан құрған ұйымына қатысқандармен бірге, Бүркіт Нәрсешев Айтбай, Нәрсешев Рамазандармен бірге оралғанда, Қазақ ССР-ы. Жоғарғы сотының үкімі жойылғаны белгілі болды. Бұл не ұйым екенін бірнеше рет сұрағанымда, «оны білмей-ақ қойыңыз» деп айтпады. Бірақ біз оқыған кітаптарды Нәрсешев Айтбайдан емес, Рамазаннан алыпты. Мұның бәрін жазып отырғаным, сол кездің қиянаты «дейді, депті» деген «дәлелдермен» соттап, атып-аса бергенін өз басымыздан өткен уақиғалар арқылы білдік. Бір ақиқаты — Бүркіттің «ЕСЕП» ұйымына мені мүше болды деп» айтқаны рас болып шықты. Себебін өзінше түсіндірді: «Ұйым құру үшін, Айтбай екеуіңнің имяларың керек болды. Ол кезде мен жай ғана студент едім ғой... Түбі насырға шабатынын байыптап жатпаппын». Бұл да албырт жастықтың бір мысалы.

Ал Бүркіттің саяси көзқарасы неге осынша ерте жетілген? Неге ұлтжанды бола қалды? Бұған жауапты өзі былай түсіндіретін: Сәкен Сейфуллин, Алтыбармақ (А. Асылбеков), Нығмет Нұрмақовтардың ұлтшылдық қылмысы жоқ, демек, 1937 жылы атылып-асылғандардың бәрі нақақтан құрбан болды... Тіпті сонау қыркыншы жылдардың басында, сталиндік жауыздықтың сырын Бүркіт ақын бәрімізден бұрын түсінген.

Бүркіт Қарағандының оқытушылар институтында оқып жүргенде, қазақ тілі, қазақ әліппесі туралы, адамның аты-жөнін шығыс үлгісімен қысқаша атау қақында ойларын айтып жүрді. Мәселен, Фирдауси, Новаи, Низами сияқты фамилия қысқаша түрде болса, «ов», «ев», «вна» және «вичтен» құтылар едік дейтін. «Ал әйелдің аты-жөні қалай жазылу керек?» дегенімізде: «әйел екені өз атынан белгілі болады. Күйеуінің фамилиясына көшу міндетті емес. Мысалы: «Әмина Жанұзақи» десек, әйел екені түсінікті. Әйтпесе, үкімет қаулысымен аяғында «у» қабылданса, «Жанұзақу» болып қалыптасады» деп өз ойын дәлелдейтін, Бүркіттің сол кездегі ойын қазір қазақ тілінің кейбір мамандары қоштауда. Бірқатар зиялылар фамилияларын шығыс үлгісімен жазып та жүр.

1957—58 жылдары Ғафу Қайырбеков екеуіміз, Еркеш Ебіенов пен Оразақын Түпеевтің фамилияларын өзгертіп, «Еркеш Ибрагим», «Оразақын Асқар» деп жинақтарын шығардық. Өйткені, олардың фамилиялары орысша әбес естілетін еді. Соны сылтау ғып, бұны біз ешкімге дабыра қылмай, ақындардың өздерімен келісіп жасадық. Менің ойым осы үлгіні ұсыну еді. Қазақтың аты-жөнін шығыс үлгісімен жазу, дәлірек айтсам, Әлкей Марғұланнан басталды ғой.

Мен білетін Бүркіт Ысқақ кейбіреулердей көсемсіген, қызыл сөзді әсіре ұлтшыл емес, ұлтжанды азамат, сталиндік жауыздыққа қарсы болған күрескерлердің бәрін ұлтшыл деуге келмейді, халықтар достығын шынайы жырлап өткені көптеген шығармаларынан ашық-айқын көрінеді.

Бүркіт Ысқақтың саяси көзқарасын шын болмысымен анықтай түссем, ол — ұлтжанды, интернационалист, адам тіршілігін жақсарту үшін үнемі, қалам қайратымен қызмет еткен отаншыл ақын тындырымды ғалым еді. Сол қыруар еңбегі ұмыт бола қоймас, қастерленері, өз бағасын алары хақ.

Өмірбектің ЖАППАРЫ.